


Түстөр әлемі

Түстер
Ахроматикалық
және Хроматикалық
болып бөлінеді

Ахроматикалық түстер





Хроматикалық түстер

Сары түс



Көк түс



Қызыл түс







Түстер планетасы

Қызыл түс(МАРС)

Сары түс(КҮН)

Көк түс(ЖЕР)



САРЫ ТҮС

Сары түс – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, күн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. Сары түсті Гете «ашық түстердің ішіндегі ең мықтысы» деген екен. Сары түс адам бойын сергітеді, көңілдендіреді деп көрсетеді. Әрине бұл, қазақы таным-түсінікке жат нәрсе. Ғаламның тілдік бейнесіне байланысты орыс халқында сары түсі «ашықтық пен жақсы көңіл-күйді» ассоциацияласа, қазақы ұғымда сары түс жағымды мағынада да, жағымсыз мағынада да қолданылады. Көбіне қазақы ұғымда сары түсі «уайым мен қайғыны», «мұң-шер мен ауруды» ассоциациялаған.


Бұл үміттің және оптимизмның символы - күннің ғаламшарының түсі, ол қуанышты береді. Сары ғылыми қызметке деген бейімді ақылды білдіреді. Сары түс піскен бидайды ұсынады. Ол ақшаны және материалдық көркеюді өмірде береді. Сары түс берекесіздікті және сорлылықты артқа қалдырады, бұл түс Юпитермен Күн планетасының түсі болып есептелінеді. Гаутама Буддо сары түсті мойынсұну ретінде қолданған



Сары түсті ескерту белгісі ретінде көруге болады. Кемеге ілінген сары түс сол кемеңің ішінде жұқпалы ауруы бар адамдарды алып келе жатқанды білдіретін болған. Фудбол ойынында және бағдаршамдарда сары түс ескерту белгісі ретінде қолданады.



Сары түс көзге аса зиянды. Сары түске боялған бөлмеде нәрестелер жылауын үдетсе, үлкендер тез ашуланғыш болады екен. Сондай-ақ сары түс метаболизмді жылдамдатады. Сары рең әлсіздеу қолданылғанда жылылық және жарқыл, жалтылдау, яғни әсемдік береді. Күн көзі секілді, жылынуды қалайсыз, бірақ қарауды қаламайсыз, көзіңізді шағылыстырады.



Психологияда: «Бұл түсті таңдаған кез-келген адам қиындықты тезірек жеңуге құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, сары түске құмар адамға тұрақсыздық тән. Сары түс - адамның ойлау, тез қабылдау қабілетін жақсартады. Өз өзіне сенімсіз, ұялшақ адамдарға оң әсерін тигізеді. Адамға күлкі, қуаныш әкеледі. Әдетте, бұл түс қуаты мол, көп сөйлейтін, әртістік өнерге, шығармашылыққа жақын адамдарға тән. Сары түсті киім адамға сарғыш түс сияқты әсер етеді.



Интерьердегі сары түстің ықпалы

Интерьердегі сары түс тек сергітіп қана қоймай, адамға күш береді. Бұл түстің басты ассоциациясы – сары күн. Сондықтан шығармашылыққа жақын адамдардың кабинеті жиі сары түсті болады.

Психологтардың кеңесіне сүйенсек, сары түс кәсіпкерліктің рухын көтереді. Жеке бизнес ашып, байып кеткеніз келе ме? Онда офистің қабырғаларын сары түске бояңыз, сонда сізде жаңа ойлар туындауы мүмкін.

Сары түс – тәбетті өте жарқын ашады. Көп асханалардың ішкі интерьері сары түске боялған. Егер жаңадан ашылған асхана иесі осы тәсілді қолданса, адамдардың асханадан үзілмеуіне кепіл беріледі. Осыған орай, егер отбасыңызда отбасы мүшесінің тәбеті болмаса, ас үйді сары түске бояғаныңыз абзал.



Сары түстің түрлері

Сары түстің түрлері көп емес. Ең танымалы – крем түстес түс, сарғылтым, оливковый, ашық түсті сары, лимон түстес және шабдалы түсі. Крем түстес түс пен сарғылтым түсі – аралық түсі болып, барлық интерьерге жарайды және түстермен де сәйкес келеді. Ашық түсті сары мен шабдалы түсі - жылы тондар, олар бөлмені жылулыққа бөлейді. Лимон түстес түс – суық түс. Ол бөлмені визуально суық тон беріп, көбіне жатын бөлме үшін жарайды.

